



Бекітемін:
2024 жылғы 01 қыркүйектің
педагогикалық кеңес отырысының
№2 хаттамасы
Мектеп директоры:
Нурахмет С.
01.09.2024 ж.

2024-2025 оқу жылына арналған
«Кирдищев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»КММ
негізгі орта білім беру деңгейінің
1-8 сыныптарына арналған «Жол жүру ережелері»
оқу бағдарла

«Новорыбинка ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

1 – 8 сыныптарына арналған

Жолда жүру ережелерінің оқу

БАҒДАРЛАМАСЫ

Жол қозғалысы ережелері бойынша **1-ші сыныптан бастап 8-ші сыныпқа дейін жол қозғалысы қауіпсіздігі және медициналық көмек көрсету тақырыптарын қоса отырып, айына екі рет қана жүргізілсін.**

Жол қозғалысы ережелерін игеруіне 1-4 сыныптарына жылына әр сыныпқа 18 сағат беріледі, ал 5-8 сыныптарына жылына әр сыныпқа 14 сағаттан беріледі.

Осымен ЖҚЕ бойынша оқу бағдарламасы 1-4 сыныптарында келесі пәндері санағы бойынша өтеді (хат, әуен, қоршаған ортамен танысу, тілді дамыту, сыныптан тыс оқу, дене шынықтыру, бейнелеу өнері, еңбекке баулу) және ай сайын күнтізбе жоспарына енгізу. 5-8 сыныптарында ЖҚЕ сабақтан тыс уақытында сынып сағаттар және факультативтер есебімен өтеді.

Жол қозғалысы ережелерін оқыту сабағы жалпы мектептің бастауыш сыныптары мұғалімдерімен, сынып жетекшілерімен, еңбек сабағы мұғалімдерімен іске асырылады.

Журналда жеке бет толтырылады, онда дәріс тақырыптары жазылады, сабақта болулары туралы белгі қойылады және оқушылар білімінің сабақ бойынша бағалары тіркеледі. **Бағалар өлшемі гуманитарлық пәндер бойынша баға қоюдың жалпылама қабылданған нормаларына сәйкес келеді. Әдеттегідей, сабақты сынып жетекшілері жүргізеді және ЖҚЕ оқытып, үйретуге жауапты адам мен әкімшілік бақылауда ұстайды.**

2.

ЖҚЕ бойынша оқушылармен дәрістерді арнайы жабдықталған бөлмеде немесе арнайы автоаулаңда (мектеп ауласында, дене тәрбиесі залында) көрнекі- оқу құралдарын, жабдықтарды және балалардың көлік құралдарын пайдалана отырып өткізу ұсынылады.

Аулаңда өтетін жерлерде: жол қиылыстарында, жүргіншілер өтпесінде жол таңбалары салынады; уақытша немесе тұрақты бағдарламалар, жол белгілері мен басқа да жабдықтар орнатылады.

Кейбір сабақтарды көшеде, жол қиылысында, алаңда (көлік құралдары қозғалысы мен жүргіншілер жүрісін көрсете отырып), қоғамдық көлікте өткізу ұсынылады.

Дәрістерді, жекелеген әңгімелерді, экскурсияларды және т.с.с. өткізу үшін мұғалім (сынып жетекшісі) жол полициясы қызметкерлерін, көлік құралдары жүргізушілерін тарта алады.

Оқыту және сыныптан тыс жұмыс процесінде оқушыларды көшелер мен жолдарда өздерін саналы ұстауға, жол қозғалысы ережелерін мүлтіксіз орындауға тәрбиелеуге ықпал жасайтын қысқаметражды кинофильмдер, бейнефильмдер, диафильмдер, диапозитивтер көрсетіледі, КТК-лар, викториналар, жүргіншілер мен велосипедшілер қозғалысы қауіпсіздігі жөнінен жарыстар ұйымдастырылады.

Әрбір сабақтан соң бақылау сұрақтары, тапсырмалар көмегімен оқушының Жол қозғалысы ережелерін қалай меңгергендігін анықтайтын тексеріс жүргізу қажет.

3.

1-

СЫНЫП

р/т №	ай	Сабақ тақырыптары	Сағат саны
1.	қыркүйек	Көше күтпеген жағдайларға толы	2
2.	қыркүйек	Көше күтпеген жағдайларға толы	
3.	қазан	Практикалық сабақ (экскурсиялар, үстел үстіндегі ойындар).	1

4.	қазан	Аялдау жолы және қозғалыс жылдамдығы.	1
5.	қараша	Жүргіншілер өтпелері.	1
6.	қараша	Реттелмейтін көше қиылыстары.	1
7.	желтоқсан	Реттелетін көше қиылыстары. Бағдаршам.	1
8.	желтоқсан	Жолдан тағы қай жерде өтуге болады.	1
9.	қаңтар	Автобуста және троллейбуста жүру.	1
10.	қаңтар	Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде жүру	1
11.	ақпан	Жол белгілері және жолға салынатын таңбалар.	1
12.	ақпан	Ойнауға қай жерде болады және қай жерде болмайды.	1
13.	наурыз	ЖКО кезіндегі жарақаттардың түрлері.	1
14.	наурыз	Жарақаттанғанда өзіңе және жолдасыңа қалай көмектесу керек.	1
15.	сәуір	Сен – велосипедшісің.	1
16.	сәуір	Қала сыртына шығу.	1
17.	мамыр	Жол жүргізушілердің көзімен.	1
18.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
Барлығы:			18

1-2. Көше күтпеген жағдайларға толы.

Біз тұратын қала, кент. Мектеп орналасқан шағын аудандағы негізгі көшелер.

Көшеде неліктен қауіпті. Жол қозғалысы ережелерін неліктен білуге және орындауға тиіспіз.

Көше элементтері: жүргін бөлік, тротуар. Жаяу жүргіншілер қоршаулары. Көшедегі қауіпсіздік. Тротуарда қалай дұрыс жүру, жүргін бөлікті қалай дұрыс кесіп жүріп өту керек.

Мектепке және үйге неғұрлым қауіпсіз жол. Нақты бағдарды талдау.

Бірі екіншісіне көмектеседі (көшені өзің кесіп жүріп өте алмасаң – ересекадамнан көмек сұра).

Көшедегі тәртіп – қауіпсіз қозғалыс кепілі. Мұқият және абай бол!

4.

3. Практикалық сабақ.

Қалаға (кентке) экскурсия - № 1-2 сабақтарды практикалық бекіту.

ЖҚЕ бойынша үстел үстіндегі ойындар мен жылжымалы ойындар және арнайы автоаландардағы сайыстар.

4. Аялдау жолы және қозғалыс жылдамдығы.

Жүргін бөлікке кенеттен жүгіріп шығу неліктен қауіпті. Автомобильді қас-қағым сәтте тоқтату мүмкін емес.

Автомобильдің аялдау жолы.

Балалармен болған жол-көлік оқиғаларының мысалдары (жол полициясының мәліметтері бойынша).

5. Жүргіншілер өтпелері.

Жолды қай жерде кесіп жүріп өтуге болады.

Реттелмейтін жүргінші өтпесі, оның белгілері (жол белгілері, жолға салынған таңбалар).

Екі жақты қозғалыс жолы. Егер жүргін бөлікті кесіп жүріп өтуге үлгермесең не істеу керек. Жүргін бөліктің ортасында тұрған жүргіншінің өзін-өзі ұстауы.

Бір жақты қозғалыс жолы. Қозғалысы бір жақты жолды кесіп жүріп өту ережелері.

6. Реттелмейтін көше қиылыстары.

Көше қиылысы деген?

Көлік құралдарының көше қиылысындағы қозғалысы. Көлік құралдарының бұрылуы. Жүргізушілер беретін сақтандыру белгілері.

Реттелмейтін көше қиылысының белгілері. Реттелмейтін көше қиылысындағы жүргін бөлікті кесіп жүріп өту ережелері.

7. Реттелетін көше қиылыстары. Бағдаршам.

Бағдаршам не үшін қажет?

Бағдаршам белгілері: қызыл, сары, жасыл. 3-секциялы бағдаршам қалай жұмыс істейді.

Бағдаршамы бар көше қиылысында жолды қалай кесіп жүріп өту керек.

Жүргінші бағдаршамы және оның белгілері. Дыбыстағыш қондырғысы бар жүргінші бағдаршамы.

5.

8. Жолды тағы қай жерден кесіп жүріп өтуге болады.

Жер үстіндегі және жер астындағы жүргінші өтпелері, олардың белгілері.

«Жер асты жүргінші өтпесі», «Жер үсті жүргінші өтпесі» жол белгілері. Мұндай өтпелердің барлығы кезінде жолды кесіп жүріп өту ережелері.

Жүргіншілердің арнайы дабыл белгілері қосылған көлік құралдары (көк жарқылдауыштары және дыбыс дабылдары) жақындаған кездегі іс-әрекеттері.

9. Автобуста және троллейбуста жүру.

Қандай көлік құралдарын бағдарлық деп атайды?

Қала бағдарлық көлігі: автобустар, троллейбустар, трамвайлар, бағдарлықтаксилер.

Автобустың және троллейбустың аялдамасы, олардың белгіленулері.

Аялдамаға қалай дұрыс өтуге болады. Аялдамада өзін-өзі ұстау ережелері.

Автобус және троллейбус жолаушыларына арналған көлікке кірер кездегі, салон ішіндегі және шығар кездегі ережелер.

Автобустан немесе троллейбустан түскен кезде жүргін бөлікті кесіп жүріпөту ережелері.

10. Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде жүру.

Трамвай аялдамасы. Оның белгіленуі, трамвай аялдамасының автобустікінен айырмашылығы.

Трамвай аялдамасына қалай өту керек. Трамвай аялдамаларында өзін-өздері ұстау ережелері.

Трамвай жолаушыларына арналған кіру кезіндегі, вагон ішіндегі және шығу кезіндегі ережелер.

Трамвайдан түскеннен кейін жүргін бөлікті кесіп жүріп өту ережелері. Бағдарлық таксилер. Оның бағдарлық автобустан айырмашылығы.

Бағдарлық таксилерді қалай дұрыс пайдалануға болады.

Жеңіл автомобильді пайдалану ережелері (кіру, жүру, шығу).

11. Жол белгілері және жолға салынған таңбалар.

Жол белгілері мен жолға таңба салудың мақсаты.

Жол белгілері: «Жүргінші өтпесі» (ақпараттық-көрсеткіштік).

«Жер асты жүргінші өтпесі», «Жер үсті жүргінші өтпесі», «Автобус және(немесе) троллейбус аялдамасының орны», «Трамвай аялдамасының орны»,

«Жүргіншілер қозғалысына тыйым салынады», «Жол жұмыстары» (барлығы 7 белгі).

6.

12. Ойнауға қай жерде болады және қай жерде болмайды.

Жолдың жүргін бөлігінің жанында, жол жұмыстары жүріп жатқан жерлерде, көлікте ойнаудың қауіптілігі.

Ойнауға және өздігінен жүретін құралдарда жүруге және т.б. арналған жерлер.

Егер доп жолдың жүргін бөлігіне домалап кетсе не істеу керек.

13. ЖКО кезіндегі жарақаттардың түрлері.

Жарақаттар түрлері: сынықтар, ауыртып алулар, жаралар, күйіктер және т.с.с.

Жүргіншіні соққан кезде алынатын жарақаттардың негізгі түрлері.

Жолаушылардың кабинада немесе автомобиль салонында отырғандарында алатын негізгі жарақат түрлері.

Велосипедшілерге тән жарақат алу.

14. Жарақаттанған кезде өзіңе және жолдасыңа қалай көмектесу керек.

Қан ағудың түрлері: артериалдық, веноздық, капиллярлық. Қан ағуын тоқтату тәсілдері.

Байлап-орау түрлері.

15. Сен – велосипедшісің.

Велосипед тарихы, оның жалпы құрылымы.

Велосипед туралы онымен жүргенде қауіпсіз болу үшін нені білу керек. 14 жасқа дейін велосипедте қай жерде жүруге болады.

16. Қала сыртына шығу.

Қала сыртындағы жол элементтері. Жол жиегі, жүргіншілер жолы – жүргіншілер жүруге арналған жерлер.

Қала сыртындағы жолмен жүргіншілер қозғалысы ережелері.

17. Жол жүргізушілердің көзімен.

Жолдың жүргін бөлігі – жүргізушілердің жұмыс орны. Жол-көлік оқиғалары (ЖКО) неліктен болады?

Жүргізуші тәртіп бұзған жүргіншілерді қалай көреді?

18. Қорытынды сабақ.

ЖҚЕ туралы диафильмдер, бейнефильмдер, слайдтар көру. Қорытынды шығару (тестілеу)

7.

2-

СЫНЫП

р/т №	Айы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Оқушылардың көшелерде және жолдарда өзін-өздері ұстауларының негізгі ережелері.	1
2.	қыркүйек	Практикалық сабақ (экскурсиялар, үстел үстіндегі ойындар).	1
3.	қазан	Аялдау жолы және қозғалыс жылдамдығы.	1

4.	қазан	Жүргінші өтпелері.	1
5.	қараша	Реттелмейтін көше қиылыстары.	1
6.	қараша	Реттелетін көше қиылыстары. Бағдаршам.	1
7.	желтоқсан	Реттеуші және оның белгілері.	1
8.	желтоқсан	Автобуста және троллейбуста жүру.	1
9.	қаңтар	Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде жүру	1
10.	қаңтар	Жол белгілері және жолға салынған таңбалар.	1
11.	ақпан	Мектепке барар жол. (Сенің күн сайынғы бағдарың).	1
12.	ақпан	Ойнауға қай жерде болады және қай жерде болмайды.	1
13.	наурыз	ЖКО кезіндегі жарақаттардың түрлері.	1
14.	наурыз	Жарақаттанғанда өзіңе және жолдасыңа қалай көмектесу керек.	1
15.	сәуір	Сен – велосипедшісің.	1
16.	сәуір	Қала сыртына шығу.	1
17.	мамыр	Жол жүргізушілердің көзімен.	1
18.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
Барлығы:			18

1. Оқушылардың көшеде және жолда өзін-өздері ұстау ережелері.

Көшеде неліктен қауіпті. Үлкен қала көшелеріндегі қозғалыстың қиындығы. Жол қозғалысы ережелерін сақтау – жүргіншілер қауіпсіздігінің кепілі.

Көшелер мен жолдарда өзін-өзі қауіпсіз ұстау ережелерін қайталау.

Қалада (кентте, ауданда) балалармен болатын жол-көлік оқиғаларының жол полициясының мәліметтері бойынша мысалдары.

2. Практикалық сабақ.

Біз жол қозғалысы ережелерін сақтауды үйренеміз – үстел үстіндегі ойындар, макеттер. Қала (кент) бойынша экскурсия. Оқушылар тұратын көшелердің, тұйық көшелердің сипаттамалары.

8.

3. Аялдау жолы және қозғалыс жылдамдығы.

Автомобильдің аялдау және тежелу жолы. Аялдау жолы өлшеміне әсер ететін факторлар.

Таяу жерде қозғалып келе жатқан көлік алдынан өту қауіптілігі.

Ылғалды және тайғақ жолда жүргіншілер мен жүргізушілер қозғалысының ерекшеліктері.

4. Жүргіншілер өтпелері.

Жүргінші өтпесі және оның белгіленуі. Мектеп шағын ауданындағы жүргінші өтпелері. Екі жақты және бір жақты қозғалыс жолын кесіп жүріп өту ережелері. Жолды кесіп жүріп өту кезіндегі қауіпті жағдайлар.

Жер асты және жер үсті жүргіншілер өтпелері, олардың белгіленулері. Олардың бар кезінде жолдан өту ережелері.

Жүргіншілердің арнайы белгілері қосылған көлік құралдарының жақындаған кезіндегі іс-әрекеттері.

Көзге шалынатын аймақта жүргінші өтпесі немесе көше қиылысы болмаған жағдайда жолдың үстін кесіп жүріп өту ережелері.

5. Реттелмейтін көше қиылыстары.

Көше қиылыстарының түрлері.

Жүргізушілер беретін сақтандыру белгілері.

Реттелмейтін көше қиылысы. Реттелмейтін көше қиылысындағы жүргінші өтпелерінің белгіленуі. Реттелмейтін көше қиылыстарынан жүріп өту ережелері. Егер жүргінші өтпесі белгіленбеген болса, жолдың үстін қай жерде қалай кесіп жүріп өтуге болады.

6. Реттелетін көше қиылыстары. Бағдаршам.

Бағдаршам белгілері. Бағдаршамдар түрлері.

Қозғалысқа қатысушылардың бағдаршам белгілері бойынша іс-әрекеттері.

Қозғалысқа қатысушылардың бағдаршам белгілері бойынша іс-әрекеттері. Реттелетін көше қиылысында жүргін бөлікті кесіп жүріп өту ережелері. Мектеп шағын ауданындағы реттелетін көше қиылыстары.

Реттелетін көше қиылыстарындағы өтпелерде балалармен болған жол-көлік оқиғаларының мысалдары (жол полициясының материалдары бойынша). Олардың туындау себептерінің талдауы.

9.

7. Реттеуші және оның белгілері.

Реттеушіге алатаяқ пен ысқырық неге қажет?

Реттеушінің белгілері. Жүргіншілердің осы белгілер бойынша іс-әрекеттері. Реттеуші белгілерінің бағдаршам белгілерінен артықшылықтары.

8. Автобуста және троллейбуста жүру.

Автобус және троллейбус жолаушыларына арналған аялдамада тұрған, көлікке кірер кездегі, салон ішіндегі және шығар кездегі ережелер.

Жүргін бөлікті аялдамаға жақын қозғалыс кезінде және автобус пен троллейбустан түскен кезде кесіп жүріп өту ережелері. Бұл орайда туындайтын қауіпті жағдайлар.

Автобус немесе троллейбус аялдмасына саяхат.

9. Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде жүру.

Трамвай жолаушыларына арналған аялдмаларда тұрған, кіру кезіндегі, вагонішіндегі және одан түскен кездегі ережелер.

Жүргін бөлікті аялдамаға жақын қозғалыс кезінде және трамвайдан түскен кезде кесіп жүріп өту ережелері.

Бағдарлық таксиді және жеңіл автомобильді пайдалану ережелері.

10. Жол белгілері және жолға салынатын таңбалар.

Жол белгілерінің топтары және олардың мақсаты.

Жол белгілері: «Бір жақты қозғалыс жолы», «Аялдама орны», «Шлагбаумы бар теміржол өтпесі», «Шлагбаумы жоқ теміржол өтпесі», «Жаяу жүргінші өтпесі» (ескерту), «Балалар», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Кіруге тыйым салынады». Сервис белгілері.

Мектеп шағын ауданындағы жол белгілері.

11. Мектепке жол. (Сенің күнделікті бағдарың).

Мектеп шағын ауданы. Мектеп шағын ауданындағы көлік. Мектеп шағын ауданындағы неғұрлым қауіпті жол қиылыстары.

Мектеп оқушысының жол бағдарында 1-ші сыныпқа қарағанда не өзгерді.

Мектеп, үй, кинотеатр, дүкен және т.с.с. жолындағы қауіпсіз жолдарды талдау.

12. Ойнауға қай жерде болады және қай жерде болмайды.

Жүргін бөлікке жақын ойнаудың қауіптілігі. Ауланың қай жерінде ойнауға болады және қай жерінде ойнауға болмайды.

Балалармен болған жол-көлік оқиғаларының мысалдары (жол полициясының материалдары бойынша). Олардың туындау себептерінің талдауы.

10.

13. ЖКО кезіндегі жарақаттардың түрлері.

Жарақаттар түрлері: сынықтар, ауыртып алулар, жаралар, күйіктер және т.с.с.

Жүргіншіні соққан кезде алынатын жарақаттардың негізгі түрлері.

Жолаушылардың кабинада немесе автомобиль салонында отырғандарында алатын негізгі жарақат түрлері.

Велосипедшілерге тән жарақаттанулар.

14. Жарақаттанған кезде өзіңе және жолдасыңа қалай көмектесу керек.

Қан ағудың түрлері: артериалдық, веноздық, капиллярлық. Қан ағуын тоқтату тәсілдері.

Байлап-орау түрлері.

15. Сен – велосипедшісің.

Велосипедтің жалпы құрылымы, әдеттегі ақаулары, оларды жөндеу. Жас велосипедшілерге арналған қауіпсіз жүру ережелері.

Балалармен болған жол-көлік оқиғалары мысалдары (жол полициясының материалдары бойынша). Олардың туындау себептерінің талдауы.

16. Қала сыртына шығу.

Қала сырты жолындағы көлік қозғалысы.

Қала сыртындағы жолда жүргіншілер қозғалысының ережелері. Қала сыртындағы жолды қалай дұрыс кесіп жүріп өтуге болады.

Теміржол өтпелері, олардың түрлері. Теміржол өтпелерінен (шлагбаумы бар және шлагбаумы жоқ) жүріп өту ережелері.

17. Жол жүргізушілер көзімен.

Жылдың, тәуліктің мезгілдеріне және ауа райы жағдайларына байланысты жолдың жай-күйі.

Жүргізуші жұмысының ерекшеліктері.

Жүргін бөлігінде жүргіншілерге туындайтын қауіпті жағдайлар жүргізушілердің көзімен.

18. Қорытынды сабақ.

Ойындар, викториналар және т.с.с өткізу. Жол қозғалысы ережелері. Қорытынды шығару (тестілеу).

11.

3- сынып

р/т №	айы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Оқушылардың көшеде және жолда өзін-өздері ұстау ережелері.	2
2.	қыркүйек	Оқушылардың көшеде және жолда өзін-өздері ұстау ережелері.	
3.	қазан	Аялдау жолы және қозғалыс жылдамдығы.	1

4.	қазан	Жүргіншілер өтпелері.	1
5.	қараша	Реттелмейтін көше қиылыстары.	1
6.	қараша	Реттелетін көше қиылыстары. Бағдаршам.	1
7.	желтоқсан	Реттеуші және оның белгілері.	1
8.	желтоқсан	Жолды тағы қай жерден кесіп өтуге болады.	1
9.	қаңтар	Автобуста және троллейбуста жүру.	1
10.	қаңтар	Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде жүру.	1
11.	ақпан	Жол белгілері және жолға таңбалар салу.	1
12.	ақпан	Ойнауға қай жерде болады және қай жерде болмайды.	1
13.	наурыз	Жарақаттанған кездегі алғашқы медициналық көмек.	1
14.	наурыз	Жарақаттанған, жаралап алған кезде алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану.	1
15.	сәуір	Сен – велосипедшісің.	1
16.	сәуір	Қала сыртына шығу.	1
17.	мамыр	Көше жүргізушілер көзімен.	1
18.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
Барлығы:			18

1-2. Оқушылардың көшеде және жолда өзін-өздері ұстау ережелері.

Жолдағы тәртіп. Жүргіншілердің тротуармен жүрген кездегі міндеттері.

Жүргіншіге тротуарда тап болуы мүмкін қауіп.

Өзіңді көшеде және достарыңмен, ағаңмен, апаңмен, қарт кісілермен жүргін бөлікті кесіп жүріп өту кезінде қалай дұрыс ұстау керек.

Жүргіншілер мен көлік құралдарының оң жақты қозғалысы. Көше қиылыстары және олардың түрлері.

Көше және оның құрамдас бөліктері: жүргін бөлік, тротуар туралы әңгіме; олардың мақсаты.

12.

Көше және оның құрамдас бөліктері: жүргін бөлік, жол жиегі, кювет туралы әңгіме.

Жүргіншілер мен велосипедшілердің жолы.

«Үй – мектеп – үй» бағдарын жасап, осы бағдардағы жүргінші үшін барлық қауіпті жерлерді көрсету.

3. Аялдау жолы және қозғалыс жылдамдығы.

Қозғалыс жылдамдығы және автомобильді тежеу. Аялдау жолы және тежеу жолы.

Жүргіншілер мен жүргізушілердің тәуліктің әртүрлі уақытындағы қозғалысының ерекшеліктері.

4. Жүргінші өтпелері.

Екі жақты және бір жақты қозғалысты жүргін бөлікті кесіп жүріп өту ережелері.

Жүргін бөлікті жүріп өту кезіндегі қауіпті жағдайлар.

Балалармен болған жол-көлік оқиғаларының мысалдары (жол полициясының материалдары бойынша). Олардың туындау себептерінің талдауы.

5. Реттелмейтін көше қиылыстары.

Реттелмейтін көше қиылысында жүргін бөлікті кесіп жүріп өту ережелері.

Реттелмейтін көше қиылысында жүргін бөлікті кесіп жүріп өту кезіндегі қауіпті жағдайлар.

Мектеп шағын ауданындағы реттелмейтін көше қиылыстары.

6. Реттелмелі көше қиылыстары. Бағдаршам.

Бағдаршамның мақсаты. Бағдаршам белгілері және олардың мәні. Бағдаршамдар түрлері.

Реттелетін көше қиылысында жүргін бөлікті кесіп жүріп өту кезіндегі қауіпті жағдайлар.

Бағдаршам тарихынан.

Мектепке жақын көше қиылысына экскурсия.

7. Реттеуші және оның белгілері.

Реттеушінің белгілері және жүргін бөлігін осы белгілер бойынша кесіп жүріп өту ережелері.

Жол полициясы. Жол полициясы шешетін мақсаттар мен міндеттер. Жол полициясының инспекторы, оның жұмысы. 13.

8. Жолды тағы қай жерден кесіп жүріп өтуге болады.

Көзге шалынатын аймақта жүргінші өтпесі немесе көше қиылысы болмаған кезде жүргін бөлікті кесіп жүріп өту ережелері.

Мұндай кесіп жүріп өту кезінде туындайтын қауіпті жағдайлар.

Жүргін бөлігін мұндай кесіп жүріп өту кезінде балалармен болған жол-көлік оқиғалары мысалдары (жол полициясы материалдары бойынша). Олардың туындау себептерінің талдауы.

9. Автобуста және троллейбуста жүру.

Жолаушылардың міндеттері.

Автобус пен троллейбусты пайдалану ережелері.

Аялдамаға қозғалыс кезінде және қоғамдық көлік құралынан (автобустан, трамвайдан немесе троллейбустан) түскеннен кейін көшені (жолды) кесіп жүріп өту ережелері.

Мектеп шағын ауданындағы автобус пен троллейбус аялдамалары.

Балалармен болған жол-көлік оқиғаларының мысалдары (жол полициясы материалдары бойынша). Олардың туындауы себептерінің талдауы.

10. Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде жүру.

Аялдамаға қозғалыс кезінде және трамвайдан түскеннен кейін жүргінбөлікті кесіп жүріп өту ережелері.

Бағдарлық такси, жеңіл автомобиль, мотоцикл, велосипед, жүк машинасын пайдалану кезінде өзін-өзі қауіпсіз ұстау ережелері.

11. Жол белгілері және жолға салынған таңбалар.

Жол белгілерінің жүргіншілер мен жүргізушілер үшін мәні.

Жол белгілері: «Велосипед жолы», «Велосипедпен жүруге тыйым салынған», Табличкалар.

Жолға салынған таңбалар, оның мақсаттары мен түрлері.

12. Ойнауға қай жерде болады және қай жерде болмайды.

Өздігінен жүретін құралдармен қалада және қала сыртында ойнау мен жүруге арналған жерлер. Теміржолға жақын маңда ойнаудың қауіптілігі.

Мектеп пен үй шағын ауданының қай жерінде ойнауға болады.

13. Жарақаттанғанда алғашқы медициналық көмек.

Жарақат түрлері: сынықтар, ауыртып алулар, жаралар, жаралап алулар, күйіктер және т.с.с. Қан ағудың түрлері: артериалдық, веноздық, капиллярлық.

14.

14. Жарақаттанғанда, жаралап алғанда алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану.

Қысып таңып тастау және бұрау салу жөнінен практикалық сабақ.

Орамал сияқты үшбұрыштап, айналдырып және мықтап бекітіп таңыпбайлау жөнінен практикалық сабақ.

15. Сен – велосипедшісің.

Велосипедте велофигуралар элементімен ойындар және жарыстар.

16. Қала сыртына шығу.

Қала сыртындағы жолмен жүргіншілер қозғалысының ережелері. Жүргіншіге қала сыртындағы жолда төнетін қауіптіліктер.

Қала сыртында балалармен болатын жол-көлік оқиғаларының мысалдары (жол полициясы материалдарынан). Олардың туындау себептерінің талдауы..

17. Көше жүргізушілер көзімен.

Жол-көлік оқиғасы (ЖКО) деген не?

Жол-көлік оқиғаларының жүргіншілер кінәсінен туындау себептері:

- жүргін бөлікті белгіленбеген жерден кесіп жүріп өту, өте жақын қозғалып келе жатқан көлік алдынан өту, бағдаршамның тыйым салатын белгісіне қарамастан өту;
- жүргін бөлікке кедергілер (автобустың, автомобильдің, бұталардың) артынан кенеттен шыға келу;
- 14 жасқа толмаған балалардың велосипедте жүргін бөлікте жүруі;
- жүргін бөлікте не оған жақын ойнау.

18. Қорытынды сабақ.

Жол қозғалысы ережелері бойынша ойын-жарыс.

Қорытындысын шығару. Үздік оқушыларды марапаттау.

15.

4- сынып

р/т №	айы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жүргіншілер қауіпсіздігі.	1
2.	қыркүйек	Біз жол қозғалысы ережелерін білеміз бе?	1
3.	қазан	Жол қозғалысы ережелері білімін тексеру.	1
4.	қазан	ЖҚЕ негізгі түсініктері мен терминдері.	1

5.	қараша	Ескерту белгілері.	1
6.	қараша	Оқушылар топтарының колоннадағы қозғалысы.	1

7.	желтоқсан	Адамдар тасымалы.	1
8.	желтоқсан	Оқушыларды жүк автомобильдерінде тасу.	1
9.	қаңтар	Реттелмейтін көше қиылыстары.	1
10.	қаңтар	Автомобильдерді арнайы аспаптармен жабдықтау.	1
11.	ақпан	Жүргізушінің еңбегі.	1
12.	ақпан	Жолдағы жағдайларды макетте талдау. Арнайы автоалаңдағы практикалық сабақ.	1
13.	наурыз	Жол белгілері.	1
14.	наурыз	Теміржол өтпелері.	1
15.	сәуір	ЖКО-да зардап шеккен балалар жарақаттарының негізгі түрлері мен себептері.	1
16.	сәуір	Қан аққан кезде алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану.	1
17.	мамыр	Жарақаттанғанда, жаралап алғанда алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану.	1
18.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
	Барлығы:		18

1. Жүргіншілер қауіпсіздігі.

Көлік құралдарының түрлері: жеңіл, жүк, арнайы. Автомобильдер маркалары.

Кез келген қозғалып келе жатқан көлік – адамның қауіпсіздігіне төнген қауіп.

Қала көлігінің үдемелілігі және қозғалыс жылдамдығы.

Машина (автобус, трамвай және т.б.) бірден тоқтай ала ма? Тежеу жолы.

Тежелу жағдайы.

Тұрған (тоқтаған) көлік – оны қалай айналып өтуге болады.

Мектепке, дүкенге, кітапханаға, стадионға және т.б. қауіпсіз жолды дұрыстаңдай білу.

16.

2. Біз жол қозғалысы ережелерін білеміз бе?

Балалармен жол-көлік оқиғаларының себептері: жүргіншілердің жол қозғалысы ережелерін сақтамауы, жолаушылардың көлікте өзін-өздері ұстау ережелерін сақтамауы, көшеде және көлікте және т.б. тәртіпсіздік.

Жол қозғалысы ережелерін бұзған балалардың әрекеттерін талқылау.

3. Жол қозғалысы ережелері білімін тексеру.

1-3 сыныптарда алған Жол қозғалысы ережелері жөніндегі материалдарды қайталау.

4. ЖҚЕ негізгі түсініктері мен терминдері.

Жол қозғалысына қатысушы, жүргінші, жүргізуші, аялдама, тұрақ, мәжбүрлі аялдама, жол, жүргін бөлік, тұйық көше, тротуар, жүргінші жолы, жүргінші өтпесі, теміржол өтпесі, көлік құралы, велосипед, тұрғын үй аймағы.

5. Ескерту белгілері.

Ескерту белгілерін бұрылыстың жарық көрсеткіштерімен немесе қолменкөрсету. Бұл белгілердің жүргізушілер мен жүргіншілер үшін мәні.

Бұрылыстар, тежеу, көлік құралын сүйрету кезіндегі, апатты аялдау кезіндегі белгілер.

Дыбыс белгілерін елді мекендерде, жол-көлік оқиғаларының алдын алу жағдайларынан басқа, беруге тыйым салынған.

6. Оқушылар топтарының колоннадағы қозғалысы.

Оқушылар топтарының тротуарда, жол жиегінде, жүргінші өтпесінде қозғалысының тәртібі.

Оқушылардың колоннамен қозғалысының тәртібі.

Оқушылар топтарын жалпылама пайдаланылымдағы көлікке отырғызу тәртібі.

7. Адамдар тасымалы.

Адамдарды автобуста, жеңіл, жүк автомашиналарында тасу қалай жүзеге асырылады?

Тасымалданатын адамдар саны, сақтық шаралары, қозғалыс жылдамдығы. Адамдар тасымалы кезінде нелерге тыйым салынады?

8. Оқушыларды жүк автомобильдерінде тасымалдау.

17.

Оқушыларды жүк автомобильдерінде тасымалдаудың ерекшеліктері. Қорапты отырғыштармен жабдықтау, алып жүрушілердің болуы, автомобильде «Балаларды тасымалдау» айырым белгілерін орнату.

Оқушыларды мінгізу және түсіру ережелері. Оқушыларды жүк автомобилімен тасымалдаған кезде олардың өзін-өздері ұстау ережелері.

Реттелмейтін көше қиылыстары дегеніміз не?

«Бірдей маңызы бар» және «тең емес мәндегі» жолдар түсінігі.

Жүргізушілер өздерін реттелмейтін жол қиылысында қалай ұстайды?

Бұл жерде қандай жол белгілері тұра алады? Басымдық белгілері тобыментанысу.

10. Автомобильдерді арнайы аспаптармен жабдықтау.

Арнайы автомобильдер: өрт, полиция, жедел медициналық көмек, апаттық.

Автомобильдерді арнайы түске бояу, дыбыс белгілерімен және көк пенқызыл түсті жарқылдауық маяктарымен жабдықтау.

Арнайы автомобильдердің өту кезіндегі артықшылықтық құқықтары.

Қызыл сары және сары түсті жарқылдауық маяктармен жабдықталғанкөлік құралдары.

11. Жүргізушінің еңбегі

Жүргізуші жұмысы – бұл аса мұқияттылықты қажет ететін және жауаптыжұмыс.

Жүргізушінің қозғалыс қауіпсіздігін сақтау жөніндегі міндеттері.

Жүргіншілердің ЖҚЕ сақтаулары, олардың жеке бастарының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және жүргізушілердің жұмысын жеңілдетеді.

Автомобиль немесе автобус жүргізушісімен кездесу.

12. Жол жағдайларын макетте талқылау. Арнайы автоаландағы практикалық сабақ.

Макетте балалар тап болатын жол жағдайлары қаралады.

Нақтысына ұқсатылған көшелерде әртүрлі жол белгілері, жүргіншілер бейнелері мен ойыншық машиналар қойылады.

Оқушылардың тротуармен және жүргінші өтпелерімен қозғалысы.

Реттеушінің белгілері.

13. Жол белгілері.

Жүргіншілер мен велосипедшілерге арналған жол белгілері.

18.

14. Теміржол өтпелері.

Мектеп оқушыларының теміржол маңында өзін-өздері ұстауы. Олардан жаяу және көлікпен кесіп жүріп өту ережелері.

Күзетілетін және күзетілмейтін теміржол өтпелері.

Поездарды (электropоездарды) пайдалану кезіндегі шарттар.

15. ЖКО-да зардап шеккен балалар жарақаттарының негізгі түрлері менсебептері.

Балалардың кінәларынан болатын жол-көлік оқиғалары.

Жол-көлік оқиғаларында көбіне орын алатыны: бір жерлерін ауыртыпалулар, шығып кетулер, сынықтар.

Қан ағудың түрлері: артериалдық, веноздық, капиллярлық.

16. Қан аққан кезінде алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану.

Өзіне-өзі және өзара көмек түсінігі. Қан ағуды тоқтату.

Қысып таңып тастау және бұрау салу жөнінен практикалық сабақ.

Орамал сияқты үшбұрыштап, айналдырып және мықтап бекітіп таңыпбайлау жөнінен практикалық сабақ.

17. Жарақаттанғанда, жаралап алғанда алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану.

Бас, көкірек қуысы, шынтак, тізе, аяқ-табан немесе білек-қар буындары жарақаттанғанда орап-таңу түрлері және техникасы.

18. Қорытынды сабақ.

Қорытынды шығару (тестілеу)

5- сынып

19.

р/т №	айы	Сабақ тақырыбы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Біздің қала (кент), аудан.	1
2.	қыркүйек	Жол-көлік оқиғаларының себептері.	1
3.	қазан	Жол таңбаларының мақсаты.	1
4.	қазан	Қосымша секциялары бар бағдаршам белгілері.	1

5.	қараша	Реттеушінің белгілері.	1
6.	желтоқсан	Жол белгілері және олардың мақсаты.	1

7.	желтоқсан	Жол белгілері және олардың мақсаты.	1
8.	қаңтар	Жүргізуші еңбегінің ерекшеліктері және оның негізгі міндеттері. Заманауи көлік – жоғары қауіптілік аймағы. Қоғамдық көлік.	1
9.	ақпан	Ауа райы жағдайларының жол қозғалысы қауіпсіздігіне әсері.	1
10.	наурыз	Велосипедте жүру.	1
11.	наурыз	Қан аққан кездегі алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері.	1
12.	сәуір	Жарақаттанғанда алғашқы көмек көрсету ережелері. Аяқ-қол шығып, сынғанда алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері.	1
13.	сәуір	Мектеп оқушыларының ЖҚЕ насихаттауға қатысуы.	1
14.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
Барлығы:			14

1. Біздің қала (кент), аудан.

Біз тұратын қала (кент). Қаладағы (кенттегі) көлік және жүргіншілер қозғалысы неғұрлым үдемелі көшелер. Мектеп шағын ауданы туралы, оның көлік қатынасы таралы әңгіме.

2. Жол-көлік оқиғаларының себептері.

Қалада (кентте), ауданда көлік құралдары санының өсімі (жергілікті жол полициясы бөлімшесінің материалдары бойынша). Тұрғындардың көбеюі.

Жол-көлік оқиғаларының себептері және олардан сақтандыру шаралары.

Қалалық (аудандық) көліктегі қозғалыс қауіпсіздігі комиссиялары қабылдайтын шаралар.

20.

3. Жолға таңба салудың мақсаты.

